

Сіреспе. Ботулизм






Сіреспе ([лат. Tetanus](#)) — ластанған жарақатта токсиндердің өндірілуіне байланысты туындайтын, жіті өтетін, бұлшық еттердің сіресіп, тартылуымен сипатталатын, жұғымтал емес инфекциялық ауру. Сіреспеге барлық сүтқоректілер бейім, онымен адамда ауырыды. Қоздырушысы – *Clostridium tetani*.





Сіреспенің белгілері:

- Инфекция түскен жара (кейде жара болмайды);
- Жұтынғанда қолайсыздық сезініп, қиналу,
- Жақ қатаяды, сонан соң мойынның және дененің басқа бөліктері қатая бастайды. Адамның қалыпты жүруі бұзылады
- Дене ауырып құрысады (кенет жақ, сонан соң бүкіл дене тартылады). Мұндай адамға қол тигізген кезде немесе оны ауыстырып жатқызғанда күтпеген спазма — құрысу пайда болады.





Сіреспе ауруының жіктелуі:

1. Зақымдану түрлеріне байланысты:
2. Сіреспенің таралуына байланысты: жалпы түрі бүкіл организмді қамтиды, жергілікті түрі (қол, аяқ, бас, дене).



Клиникалық белгілері. Басында басы айналу, әлсірейді, қатты терлеп мазасызданады. Жарасы керіп ауырып, айналасындағы бұлшық еттер тырысып тартылады. Ауру малдың беттің мимикалық бұлшық еттері тоникалық, клоникалық тырысып аузын ашқызбайды. Қоздырғыштың организмге ену қақпасы жарақаттанған тері қабаты. Енген қоздырғыш вегетативтің формасына айналып, көбейе отырып экзотоксин синтездейді. Патологиялық процесс осы экзотоксиннің әсерінен дамиды. Сонында өліммен аяқталуы 35-40% дейін жетеді.





Клиникалық көрінісіне байланысты 4 түрін ажыратады:

1. Жедел сіреспе –tetanus vehemens;
2. Созылмалы - tetanus lentus;
3. Сіреспенің айқын түрі - tetanus completus
4. Сіреспенің баяу түрі - tetanus incompletus



Патологиялық анатомиясы.

Өлексе тез және жақсы сіреседі. Әдетте бұлшық еттерінде, эпикард пен эндокард астарында, көкірек қуысы бет пердесі мен өкпеде, ми мен жұлын қабықтарында майда қанталаулар байқалады. Теріде жаңадан болған немесе жазыла бастаған жаралар болуы мүмкін.





Ботулизм – организмге *Clostridium botulinus* микробының азықпен енген токсинмен улану. Жіті өтеді, ми мен жұлын қызметінің бұзылуымен, жұтқыншақтың, тілдің және төменгі жақтың салдануымен, қаңқа бұлшық еттері тонусының әлсіреуімен білінеді.



Этиологиясы мен патогенезі.



- Табиғатта кең таралған, топырақты, көңді, жем-шөпте, т.б мекендейді. Бұл микроб анаэробты, ылғалды, жылы, органикалық зат мол ортада қарқынды өсіп өніп, өте күшті токсиндер өндіреді. Токсинмен ластанған жем-шөппен азықтанған мал уланады. Аурудың жасырын кезеңі 18 сағаттан 16 тәулікке дейін.

Патологиялық анатомиясы.



Ауру өте жіті (1-4 күн), жітілеу (7 күн) және созылмалы (3-4 апта) өтеді. Қанға бұлшық еттері босаңсып, сарғұлт тартады. Эпикард пен эндокард, көкірек және құрсақ қуыстарын астарлаған ылғалды қабықтар астында, қуықтың кілегейлі қабығында, бүйректе, бауырда азды көпті қанталаулар байқалады. Жүрек еті бауыр мен бүйрек дистрофияға ұшырайды. Өкпе қаны молайып, домбығады, кейде аспирациялық қабынады. Аш ішек пен тоқ ішек катарлы қабынады қабынады.







